

БҰЙРЫҚ № 1

05.01.2024 ж

Орал қаласы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамына бекіту туралы

Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдеде Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабының 34-і тармақшасына сәйкес «Педагогикалық мәртебесі туралы» (2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 3-ші тармағына және 16-бабының 1-тармағы және ҚР БЖҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығын 2 қосымшасына сәйкес Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН: «Аlinur» балабақшасы педагогтерін педагогикалық әдепті сақтау мәселелерін қарайтын алқалық орган ретінде төмендегідей құрамда комиссия мүшелері жасақталсын.

Комиссия төрайымы: Кусаинова Гулжанат Тимуровна ЖШС «Алинур7»
Алинур балабақшасының меңгерушісі

Комиссия мүшелері:

Балжанова Айнагул Сабитовна — «Аlinur» балабақшасының әдіскері,
хатшысы

Н.Т.Хабибуллина — №41 «Ақ тілек» бөбекжайының әдіскері

Г.А.Ерболатовна — ЖШС «Алинур7» Алинур бөбекжайының әдіскері

Серікбаева Ділназ Аманғалиқызы — «Аlinur» балабақшасы тәрбиешісі


Ж.Д.Елубаева — ЖШС «Алинур7» Алинур жеке балабақшасы тәрбиешісі

А.А.Ахметкалиева — №35 «Шұғыла» бөбекжайының тәрбиешісі

Н.С.Косалиева — ТОО «Бәмби» бөбекжайының тәрбиешісі

Г.А.Сақыпкереева — «Аlinur 5» жеке бөбекжайының тәрбиешісі.

«Аlinur» балабақшасының педагогтарына педагогикалық әдеп қағидалары және кеңес жұмысымен таныстырылсын.





2023–2024 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп кеңесінің жоспары

№	Іс-шара атауы	Уақыты	Жауапты
1	1 Педагогикалық әдеп кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту, әдеп кеңесінің мүшелерімен отырыс өткізу құрамын бекіту. Педагогикалық этика ережелерінің сақталуы туралы. «Ұстаздың кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп» Өртүрлі мәселелер.	Қыркүйек	Әдеп кеңесінің мүшелері
2	Педагогикалық этика ережелері бойынша педагогикалық ұжымның әдепсіздік қылықтары жөнінде дөңгелек үстел өткізу. «Педагогтардың кәсіби әрекетіндегі әдеп қағидаттарының маңызы» баяндама.	Сәуір	Әдеп кеңесінің мүшелері
3	«Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» бұйрығын іске асыру бойынша жүргізілген бақылау жұмыстары туралы. Педагогтардың қызметтік әдебі мен қарым-қатынас мәдениеті туралы. Өтүрлі мәселелер.	Мамыр	Әдеп кеңесінің мүшелері

«Alinur» балабақшасы

«Педагогикалық әдеп» кеңесі отырысының №1 хаттамасы

Өткізілген күні: 07 қыркүйек 2023 жыл

Төрайымы: Г.Т.Кусаинова

Хатшысы: А.С.Балжанова

Қатысқандар: Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері, педагогтер.

Күн тәртібі:

1. 2023–2024 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспарын талқылау және бекіту, Әдеп кеңесінің мүшелерімен отырыс өткізу құрамын бекіту.
2. Педагогикалық этика ережелерінің сақталуы туралы.
3. «Ұстаздың кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп» тақырыбында пікір алмасу.
4. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша Педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Г.Т.Кусаинова сөз сөйледі. Ол кеңес мүшелерін 2023–2024 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспарымен таныстырды. Жоспардың негізгі мақсаты педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз ету, педагогикалық ортада өзара сыйластық пен мәдени қарым-қатынасты қалыптастыру, педагогтің кәсіби беделін арттыру екендігін атап өтті. Педагогикалық әдеп кеңесінің алдағы оқу жылындағы жұмыс бағыттарына тоқталып, жоспарға енгізілген мәселелердің уақытылы қаралуы қажеттігін айтты. Кеңес мүшелерінің құрамы талқыланып, ұсынылған құрамды бекіту ұсынылды.

Екінші мәселе бойынша Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшесі Ж.Д.Елеубаева педагогикалық этика ережелерінің сақталуы туралы баяндады. Педагогтің өз қызметінде әдептілік, жауапкершілік, адалдық, әріптестеріне, балаларға және ата-аналарға құрметпен қарау қағидаларын басшылыққа алуы қажеттігін атап өтті. Педагогтің мінез-құлқы мен қарым-қатынас мәдениеті білім беру ұйымындағы жалпы психологиялық ахуалға тікелей әсер ететіні айтылды. Осыған байланысты әр педагог кәсіби қызметінде әдеп нормаларын қатаң сақтап, әріптестерімен өзара түсіністік пен сыйластық негізінде қарым-қатынас жасауы тиіс екендігі түсіндірілді.

Үшінші мәселе бойынша «Ұстаздың кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп» тақырыбында пікір алмасу ұйымдастырылды. Педагогикалық әдептің ұстаздың кәсіби қызметіндегі орны туралы айтылып, педагогтің сөзіне, іс-әрекетіне, сыртқы мәдениетіне және қарым-қатынасына қойылатын талаптар талқыланды. Ұстаздың кәсіби шеберлігімен қатар, оның адамгершілік қасиеті, сабырлылығы, ұстамдылығы және әріптестерімен, балалармен, ата-аналармен дұрыс қарым-қатынас орната білуі маңызды екендігі атап өтілді.

Жарыссөздер: А.С.Балжанова – әдіскер.

Педагогикалық әдеп талаптарын сақтау әр педагогтің кәсіби міндеттерінің бірі екендігін атап өтті. Ұжым мүшелерінің бір-біріне құрметпен қарауы, өзара қолдау көрсетуі және туындаған мәселелерді әдеп нормаларын сақтай отырып шешуі қажеттігін айтты.

Д.А.Серікбаева – кеңес мүшесі.

Педагогикалық әдеп ережелерін сақтау балабақшадағы қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыруға ықпал ететінін атап өтіп, кеңес жоспары бойынша жұмыстарды жүйелі түрде жүргізуді ұсынды.

Қаулы:

1. 2023–2024 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелерінің құрамы бекітілсін.
3. Педагогтер педагогикалық этика ережелерін және кәсіби әдеп талаптарын қатаң сақтасын.
4. «Ұстаздың кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп» тақырыбындағы түсіндіру және профилактикалық жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.
5. Педагогтердің балалармен, ата-аналармен және әріптестерімен қарым-қатынасында әдептілік, сыйластық және кәсіби мәдениет талаптарының сақталуы қамтамасыз етілсін.

Төрайымы :Г.Т.Кусаинова

Хатшысы:А.С.Балжанова



«Alinur» балабақшасы

«Педагогикалық әдеп» кеңесі отырысының №2 хаттамасы

Өткізілген күні: 24 сәуір 2024 жыл

Төрайымы: Г.Т.Кусаинова

Хатшысы: А.С.Балжанова

Қатысқандар: Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері, педагогтер.

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық этика ережелері бойынша педагогикалық ұжымдағы әдепсіздік қылықтардың алдын алу және оларды болдырмау жөнінде дөңгелек үстел өткізу.
2. «Педагогтардың кәсіби әрекетіндегі әдеп қағидаттарының маңызы» тақырыбында баяндама.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша Педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Г.Т.Кусаинова сөз сөйледі. Ол педагогикалық ұжымдағы өзара қарым-қатынаста әдеп нормаларын сақтаудың маңыздылығына тоқталды. Дөңгелек үстел барысында педагогтің кәсіби қызметінде орын алуы мүмкін әдепсіздік қылықтардың алдын алу, олардың себептерін болдырмау және педагогтер арасында өзара сыйластық мәдениетін қалыптастыру мәселелері талқыланды.

Педагогтің әріптестерімен қарым-қатынасында дөрекілікке, әдепсіз сөйлеуге, кемсітуге, дауыс көтеруге, әріптесінің ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеуі қажеттігі айтылды.

Екінші мәселе бойынша «Педагогтардың кәсіби әрекетіндегі әдеп қағидаттарының маңызы» тақырыбында кеңес мүшесі Ж.Д.Елеубаева баяндама жасады. Баяндамада педагогикалық әдептің педагогтің кәсіби қызметіндегі негізгі қағидаттардың бірі екендігі айтылды. Педагогтің кәсіби мінез-құлқы, жауапкершілігі, әділдігі, әдептілігі және әріптестерімен дұрыс қарым-қатынас орната білуі ұжымдағы жағымды ахуалды қалыптастыруға ықпал ететіні атап өтілді. Педагогтің кәсіби әдеп қағидаттарын сақтауы балабақшадағы өзара сенім мен ынтымақтастықты нығайтып, балалар үшін қолайлы тәрбиелік орта қалыптастыруға мүмкіндік беретіні айтылды.

Жарыссөздер:

А.С.Балжанова – әдіскер.

Педагогикалық ұжымда әдепсіздік қылықтардың алдын алу жұмыстары тек мәселе туындаған кезде емес, тұрақты профилактикалық бағытта жүргізілуі

қажет екенін айтты. Әр педагог өз сөзі мен іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарап, ұжымдағы кәсіби қарым-қатынас мәдениетін сақтауы керектігін атап өтті.

Н.С.Косалиева – кеңес мүшесі.

Педагогикалық әдеп қағидаттарын сақтау әр педагогтің кәсіби мәдениетінің көрсеткіші екендігін айтып, ұжым мүшелерін бір-бірін құрметтеуге, пікірін тыңдауға және туындаған келіспеушіліктерді мәдениетті түрде шешуге шақырды.

Қаулы:

1. Педагогикалық ұжымда педагогикалық этика ережелерінің сақталуы қамтамасыз етілсін.
2. Педагогтер арасында әдепсіздік қылықтардың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар жалғастырылсын.
3. Педагогтер әріптестерімен қарым-қатынаста өзара сыйластық, әдептілік және кәсіби мәдениет қағидаттарын сақтасын.
4. «Педагогтардың кәсіби әрекетіндегі әдеп қағидаттарының маңызы» тақырыбындағы баяндама педагогтерге таныстырылсын.
5. Ұжымда туындауы мүмкін келіспеушіліктерді педагогикалық әдеп нормалары негізінде өркениетті түрде шешу қамтамасыз етілсін.



«Alinur» балабақшасы

«Педагогикалық әдеп» кеңесі отырысының №3 хаттамасы

Өткізілген күні: 29 мамыр 2024 жыл

Төрайымы: Г.Т.Кусаинова

Хатшысы: А.С.Балжанова

Қатысқандар: Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері, педагогтер.

Күн тәртібі:

1. «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» бұйрығын іске асыру бойынша жүргізілген бақылау жұмыстары туралы.
2. Педагогтердің қызметтік әдебі мен қарым-қатынас мәдениеті туралы.
3. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша Педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Г.Т.Кусаинова сөз сөйледі. Ол «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» бұйрық талаптарын іске асыру бағытында жүргізілген жұмыстарға тоқталды. Бақылау барысында педагогтердің қызметтік міндеттерін орындауы, педагогикалық әдеп талаптарын сақтауы, балалармен, ата-аналармен және әріптестерімен қарым-қатынас мәдениеті назарға алынғаны айтылды. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, педагогтерге кәсіби қызмет барысында әдеп қағидаттарын басшылыққа алу қажеттігі ескертілді.

Екінші мәселе бойынша педагогтердің қызметтік әдебі мен қарым-қатынас мәдениеті туралы әдіскер А.С.Балжанова баяндама жасады. Педагогтің қызметтік әдебі оның өз міндеттерін жауапкершілікпен орындауынан, әріптестерімен, балалармен және ата-аналармен сыпайы әрі мәдениетті қарым-қатынас жасауынан көрінетіні айтылды. Педагогтің қызметтік міндеттерін орындау кезінде сабырлылық, ұстамдылық, әдептілік, жауапкершілік және кәсіби мәдениет талаптарын сақтауы маңызды екендігі атап өтілді. Сонымен бірге педагогтің қарым-қатынас мәдениеті балабақшадағы тәрбиелік ортаның сапасына әсер ететін факторлардың бірі екендігі айтылып, әр педагог өз іс-әрекеті арқылы кәсіби әдептің үлгісін көрсетуі қажеттігі ескертілді.

Үшінші мәселе бойынша әртүрлі мәселелер қаралды. Педагогикалық әдеп кеңесінің оқу жылында атқарған жұмыстарына қорытынды жасалып, педагогтердің әдеп талаптарын сақтауына бағытталған жұмыстарды алдағы уақытта да жалғастыру қажеттігі айтылды.

Жарыссөздер:

А.А.Ахметкалиева – кеңес мүшесі.

Бақылау барысында педагогтердің қызметтік әдеп талаптарына жауапкершілікпен қарауы маңызды екенін атап өтті. Әдеп қағидаларын сақтау ұжымдағы өзара түсіністік пен кәсіби ынтымақтастықты нығайтатынын айтты.

А.С.Балжанова – әдіскер.

Педагогтердің қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру жұмыстары жүйелі түрде жалғасуы қажет екенін атап өтті. Әр педагогтің қызметтік міндеттерін орындауда кәсіби әдеп нормаларын басшылыққа алуы балабақшадағы қолайлы орта қалыптастыруға ықпал ететінін айтты.

Қаулы:

1. «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» бұйрығын іске асыру бағытында жүргізілген бақылау жұмыстарының нәтижелері назарға алынсын.
2. Педагогтер қызметтік әдеп талаптарын және педагогикалық этика қағидаларын қатаң сақтасын.
3. Педагогтердің балалармен, ата-аналармен және әріптестерімен қарым-қатынас мәдениетін сақтау бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
4. Педагогтер қызметтік міндеттерін орындауда жауапкершілік, әдептілік, сабырлылық және кәсіби мәдениет қағидаттарын басшылыққа алсын.
5. Педагогикалық әдеп талаптарының сақталуына бақылау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
6. Педагогикалық әдеп кеңесінің 2023–2024 оқу жылында атқарған жұмыстары қорытындылансын.

Төрайымы :Г.Т.Кусаинова

Хатшысы:А.С.Балжанова

